

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN
HUMANITIES
INSTITUTE

№2/2026

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2026

Бас редактор **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының
қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының кандидаты
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD)

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Аасланд Е.	философия докторы (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Каранфил Г.	философия докторы (PhD), профессор, Комрат мемлекеттік университеті, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабекұлы Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Олдфилд А.	Философия докторы (PhD), профессор, Каролина Университеті Каролина, АҚШ
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	философия докторы (PhD), профессор, Токат Газиосманпаша университеті, Токат, Түркия

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.
Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»
Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Басуға 26.06.2026 ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.
Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89
«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского гуманитарного
института имени А.К. Кусаинова
Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А.Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Аасланд Е.	доктор философии (PhD), профессор
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Каранфил Г.	доктор философии (PhD), профессор, Комратский государственный университет, Кишинев, Молдова
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабекулы Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Олдфилд А.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Каролины Каролина, США
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Сенмез О.Ф.	доктор философии (PhD), профессор, Университет Токат Газиосманпаша, Токат, Турция

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.
Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова».
Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022
Подписано в печать 26.06.2026 г. Формат 60*84 1\8. Бум. типогр.
Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89
Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor **Daurenbekova L.N.**
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute
Editor-in-Chief **Alimbayev A.E.**
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Aasland E.	
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Karanfil G.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Komrat Devlet Univerditesi, Kishinev, Moldova
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabekuly D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryszhn L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Oldfield A.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Coastal Carolina University Carolina, USA
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF
Senmez O.F.	(PhD), Professor, Tokat Gaziosmanpasa University, Tokat, Turkey

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933: e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 26.06.2026 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ / ЯЗЫКОЗНАНИЕ / LINGUISTICS		
АЙДАРБЕК Қ.Ж. ИМАНБЕРДИЕВА А.Б. АККУЗОВА А.А.	Қазақ ғылыми терминологиясындағы терминэлементтер жұмсалымының танымдық тетіктері	7
АЛТАЙ А.А. АБЫЗОВА А.М.	Лингвистикалық интеллект: ғылыми категория ретінде	23
BAZARBEKOVA D.M. KURMANOVA Z.K. AKHMETOVA B.Z.	Frame modeling of the «Ulytau» concept	32
БАЛТАБАЙ Д.Ә.	«Шежіре-и теракиме» еңбегінде кездесетін кейбір топонимдер мен этнонимдердің этимологиясы	44
YESSENBAYEVA A.E. ҮБЫРАЙҰМ А.О.	Linguistic mechanisms of implicit evaluation in Kazakh and English media discourse	56
ЕСКЕРМЕСОВА Г.А. ЕРМЕКОВА Т.Н. ШОЙБЕКОВА Ғ.Б.	Этномәдени бірліктердің жасанды интеллект арқылы аударылуы: машиналық аудармалар және оның сапасын бағалау	66
ЖАРКЫНБЕКОВА Ш.К. ШАХПУТОВА З.Х.	Репрезентация семейных ценностей в автохтонном художественном дискурсе	78
KORBOSSYNOV B. K. BORANBAYEV S. R. SERKEBAYEVA G.Y.	Tudy of the law of singormanism in Turkic languages	88
КУЛЫНТАЕВА Т.Б. ДЖАМБАЕВА Ж.А. НУРГАЗИНА А.Б.	Қазақ тіліндегі «уақыт» концептісі: семантикалық өріс және тілдік репрезентация	102
ҚАМБАРОВА Б.Ғ. БЕЙСЕНБЕКОВА Г.Т. ШАДИЕВА Н.Х.	Жас когорталарының (X, Y, Z, Alpha) әлеуметтік желідегі коммуникативтік ерекшеліктері	114
ҚАПАЛБЕК Б.С. АЛПЫСБАЙ Ә.Р. ТҮРКБЕНБАЕВА М.Ж.	Жыйырманшы деп жазу қай норма?	126
ҚҰСАЙЫНОВА Ж.А. НАСЫРИТДИНОВА Ә.Н.	«Сенімсіздік» модальді реңкінің мәтіндегі көріністері	136
САГИДОЛДА Г.	*Қазіргі түркі тілдеріндегі бас киім атауларының атауыштық-уәждемелік және лингвомәдени сипаты	148
САДЫҒҰЛ Т.Қ. ЕРҒАЛИЕВА С.Ж. УАЙХАНОВА М.А.	Особенности интернет-дискурса в цифровом пространстве Казахстана	159
SULTANOVA S.M. MUKHTAROVA S.S. TOXANBAYEVA T.ZH.	Ethnocultural specificity of suffixal word formation in Russian, Kazakh, and English: on the question of the linguistic worldview	171
ХАИРЛАЕВА Г.Ж. АСАНБАЕВА С.А.	Қазіргі мәдениетаралық коммуникация контекстіндегі қоғамдық-саяси аударма: әлеуметтік-лингвистикалық аспекті (қазақ-орыс тілдері материалдары негізінде)	183

ӘДЕБИЕТТАНУ / ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ / LITERATURE STUDIES		
АЙМУХАНБЕТОВА М.Е. КАРТАЕВА А.М. БИЯРОВ Б.Н.	*Киелі Алтайдың табиғаты мен топонимикалық аңыздарының көркем шығармадағы көрінісі	193
АМИРОВА Л.Т., ТАНЖАРИКОВА А.В.	Мистикалық әңгімелердегі акустикалық детальдың қызметі	203
ГАЗИЗОВ Г.Д. КЕМЕҢГЕР Қ.Р.	*Кеңес дәуірі әдебиетінде Алаш арыстарының көркем бейнесі (С.Сейфуллин, Б.Майлин, С.Мұқанов шығармалары бойынша)	212
ЛАПШИНА Н.В. РАДЧУК О.А.	Особенности перевода стилистических средств в художественном произведении (на материале повести Джека Лондона «Белый клык»)	220
МУСАБЕКОВ К.А. КОШИКБАЕВА Г.Д. АЛТЫНБЕКОВ Ш.Е.	Абсурд – художественный метод в пьесе Дулата Исабекова «Ескерткіш операциясы»	230
СӨМЕНҚЫЗЫ Ұ. ҚҰЛБАРАҚ С.О. САМБЕТОВА Г.	М.Х. Дулати мұралары академик Ә.Дербісәлі зерттеуінде	240
СОЛТАНАЕВА Е.М. ӘБДИМАНҰЛЫ Ө. ШОРТАНБАЙ Ш.	М. Жұмабайұлының шығармашылығы деколониялық дискурста	250
СҰЛТАНҒАЛИЕВА Р.Б. САМАТОВА Ш.Ө.	Қазақ әдебиетіндегі постмодернизм: поп-арт пен тұрмыстық заттар эстетикасы	260
JURKOWICZ PH. SAILAUKYZY A. TUSSUPOVA G.B.	Alash heritage in national brand formation: a literary, journalistic and intellectual perspective	271
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ / МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ / METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE		
ҚАЛЫБАЕВА Қ.С. ЗАЙСАНБАЕВ Т.К.	А. Байтұрсынұлының сауат ашу құралдары және әдістемесі	280
МҰХАМАДИ Қ.Т.	Монотілді балалардың оқу процесіндегі тілдік кедергілері	291

Ж.А. ҚҰСАЙЫНОВА¹Ә.Н. НАСЫРИТДИНОВА²

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан¹
С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті, Астана,
Қазақстан²

(e-mail: zhaina-1972@mail.ru¹ asemgul_kazatu@mail.ru²)

«СЕНІМСІЗДІК» МОДАЛЬДІ РЕҢКІНІҢ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада «сенімсіздік» модальді реңкті қалыптастыратын тілдік амалдардың қызметі құрылымдық және функционалды грамматика деңгейінде салыстырыла талданады. Құрылымдық грамматика аясында «сенімсіздік» реңкін қалыптастыратын тілдік амалдардың дербес сөйлемдер құрамындағы функциясы сараланып, бұл деңгейде олардың бір бағытты, тұрақты қызмет атқаратыны ажыратылады. Функционалды грамматикада «сенімсіздік» модальді реңкі сөйлемаралық, мәнмәтінаралық байланыстан анықталатыны нақты мысалдармен дәлелденеді. Бұл жағдайда жасалу жолдарының қозғалмалы, құбылмалы болатыны және оның себептері айқындалады. Олардың көп қырлы қызметінің қалыптасуы мәтіндегі семантикалық кеңістіктің әсерімен, тілдік амалдардың прагматикалық қызметінің және когнитивтік уәждердің ықпалымен пайда болатыны сипатталады. Соның нәтижесінде модальділіктің күрделі құрылымын басқа құбылыстармен бірлікте қарауға, тілдік амалдардың көп функциялы қызметін айқындауға қол жеткізіледі. «Сенімсіздік» субъективтік модальділіктің бірнеше сөйлем бірлігінен дараланатын құрылымы негізінде бұл санаттың астарлы семантикалық байланысты, синтаксистік бірліктерді сабақтастыра (кем дегенде екі сөйлем аралығында, мәнмәтінде, мәнмәтінаралықта) талдауды қажет ететін күрделі жүйесі негізделеді. Функционалды бағытта «сенімсіздік» модальді мәнді ажыратуға тірек болатын хабарлы, сұраулы сөйлемдердің, астарлама қызметінде дайын қолданыстар ретінде жұмсалатын мақал-мәтелдердің, аналогиялық теңеулер қызметіндегі күрделі құрылымдар бір функцияны атқарып, талданған модальді мәнің өрісіне біріге алатыны сипатталады. «Сенімсіздік» модальді мәнінің жасалуына негіз болатын қаратпа, қыстырма, одағай сөздердің көп функциялы қызметі, оның ішінде сенімсіздік реңкті түрлендіруі салыстырыла дәйектеледі. Нәтижесінде субъективтік модальділіктің категориялық дербестігін дәлелдеуге үлесі бар қорытындылар жасалады.

Түйін сөздер: субъективтік модальділік, құрылымдық грамматика, функционалды грамматика, мәнмәтін, модальді реңк.

Кіріспе. Тіл біліміндегі модальділік заңдылығының грамматикалық белгілерін зерттеу – әлі де өзекті тақырыптар қатарында. Бүгінге дейін ғылымда модальділіктің түрлерін, ішкі мәндерін ажыратуда бірізділіктің сақталмауы өзектілікке қатысты пікірімізді бекітіп, аталған мәселені зерттеудің қажеттілігін айқындай түседі.

Қазақ және орыс тіл білімінде модальділіктің екі түрі айқындалған (объективтік және субъективтік). Алғашқы зерттеулерде объективтік модальділікке баса назар аударылып,

оның грамматикалық табиғаты «реалды іс-әрекетті білдіру», «ирреалды іс-әрекетті білдіру» немесе «сөйлем мазмұнының ақиқат шындыққа қатысы» тұрғысынан сипатталды. Бұл қатарда В. Виноградов [1], П.А.Лекант [2] еңбектерін атауға болады.

Модальділіктің екі түрін бірлікте сипаттаған зерттеулер де бар. Мәселен, А.Ысқақов «Қазіргі қазақ тілі» еңбегінде грамматикалық модальділіктің ішкі мағыналық қырларын терең талдап көрсеткенімен, оны негізінен объективтік сипатта жіктейді. Бұл әсіресе рай категориясы арқылы берілетін модальдік мағыналарды түсіндіру барысында айқын көрінеді. Ғалым модальділікке анықтама бергенде, көбіне оның грамматикалық тәсілдер арқылы жүзеге асатын семантикалық реңктеріне ерекше назар аударады.

Автордың пайымдауынша, адам сөйлеу не жазу барысында белгілі бір оқиға туралы тек жалаң ақпарат берумен шектелмейді. Ол сол хабарға байланысты өз көзқарасын, ішкі сезімін, ой толғанысын да қатар білдіреді. Осы арқылы айтылған пікірдің қаншалықты шындыққа жанасатыны, анықтығы не күмәнділігі, болжалдылығы мен ықтималдығы, сенімділігі немесе көмескілігі сияқты түрлі мағыналық реңктер қоса беріледі. Сонымен бірге, сөйлеушінің эмоциялық күйі – қуаныш, өкініш, аяныш, реніш, өтініш тәрізді сезімдік жай-күйлер де аңғарылады. Осындай субъективтік бағалау мен көңіл-күй көріністері тіл білімінде модальдік реңктер деп танылады [3, 310].

Орыс тіл білімінде субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілерін дамытуға көңіл бөлген ғалым Н.М.Шанский болса [4], қазақ тіл білімінде бұл мәселені Н.Сауранбаев негіздеген [5].

Н.М.Шанскийдің басшылығымен әзірленген оқулықта модальділік санатының шекарасын айқындаудың өзі қиындық келтіретінін айта келе, оның үш түріне тоқталады: реалды-ирреалды модальділік; мүмкіндік, қажеттілік, ақиқат модальділігі және субъективтік [4, 523].

Талданып отырған мәселеге қатысты Н.Сауранбаевтың пайымдауынша, дамыған тілдердегі басқа грамматикалық категориялар секілді рай категориясы да адам ойлауының абстракциялық әрекеттері негізінде қалыптасқан тілдік құбылыс. Объективті шындықтың адам санасынан тыс өмір сүретін болмысы райдың жалпы мағынасын айқындағанымен, әрекеттің ақиқатқа қатысы әрдайым егістік формалары арқылы толық әрі дәл бейнелене бермейді. Яғни, іс-әрекеттің шындыққа қатынасының түрлі қырлары тілдегі рай тұлғаларымен шартты түрде ғана ұштасады [5, 258].

Осы тұста зерттеуші логикалық модальділік пен грамматикалық (яғни субъективтік) модальділікті бір деңгейде қарастырудың ғылыми тұрғыдан жеткіліксіз екенін атап көрсетеді. Рай категориясын талдауда тек логикалық мазмұнға сүйену жеткіліксіз, керісінше, тілдің нақты формалық көрсеткіштерін негізге алу қажет деп тұжырымдайды. Ғалымның пікірінше, сыртқы тілдік пішіндерді саралау арқылы ғана ішкі мазмұнды ашуға болады. Сондықтан райды анықтауда логикалық ұстанымнан гөрі, оның тілдік көрініс формаларын, мағынаның берілу тәсілдерін басты нысан ету керек. Жалпы тіл білімінің міндеті – тілдің ішкі заңдылықтарын айқындау болса, бұл үдерісте негізгі зерттеу объектісі тілдің құрылымы мен формасы болуға тиіс [5, 258]. Осылайша, автор рай категориясының табиғатын интралингвистикалық, яғни тілдің өз ішкі жүйесі шеңберінде қарастыруды ұсынады.

Бұл категорияны арнайы зерттеген ғалым – О.Төлегенов. Автор модальділікті сөйлемнің басты белгілерінің бірі деп таныды [6, 18].

Сонымен қатар, Р.Әміровтың тұжырымынан грамматикалық модальділікті айқындауға негіз болатын басты өлшем аңғарылады. Ғалымның пікірінше, модальдік категорияға сөйлеушінің білдірілген ойға деген жеке көзқарасын, ішкі бағасын және субъективтік қатынасын танытатын тілдік формалар ғана жатқызылуы тиіс [7, 142].

Ғылыми еңбектерде дәлелденген модальділіктің объективтік түрін жоққа шығармаймыз, дегенмен субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілері, ішкі мағыналық мәндерін, жасалу жолдарын кеңіте зерттеу өзекті тақырыптардың қатарында. Осындай сұраныстардың орнын толтырып, субъективтік модальділіктің мәнін

деңгейіндегі семантикалық байланыс негізінде жүйеленетін күрделі құрылымын түгендей саралау үшін, функционалды грамматиканың заңдылықтары аясында талдау маңызды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу барысында жинақтау, салыстыру, сипаттау, мәтіндік талдау әдістері кеңінен қолданыс тапты.

Салыстыру, сипаттау әдістері арқылы қазақ тіл біліміндегі зерттеушілердің модальділік категориясын, оның ішінде мағыналық және құрылымдық ерекшеліктерін арнайы нысанаға алып, сатылай дамытқаны айқындалды. А.Ысқақов [3], Н.Сауранбаев [5], О.Төлегенов [6], Р.Әміров [7] Е.Жанпейісов [8] сияқты ірі лингвистерді модальділік категориясының (әсіресе, сөйлем аясындағы, модаль сөздер қызметімен байланысты) теориялық жүйесін негіздеушілер ретінде атап өтуге болады. Аталған авторлар модальділікті сөйлемнің негізгі конструктивтік белгісі (предикативтіліктің құрамдас бөлігі) ретінде қарастырды. Нақтырақ сипаттасақ: сөйлеушінің айтылған ойға, шындыққа деген қатынасын білдірудегі синтаксистік құрылымдардың ролін айқындады; пікірдің ақиқаттығына, мүмкіндігіне, қажеттілігіне немесе күмәнділігіне қатысты модальдік мағыналардың сөйлем ішінде қалай жүзеге асатынын сипаттады; модальдік мағыналарды мазмұнына қарай жіктеп, олардың тілдік көрсеткіштерін (маркерлерін) анықтады. Бұл топтағы ғалымдар модальділіктің (әсіресе, объективтік модальділікті) құрылымдық грамматика деңгейіндегі белгілерін саралап, қазақ тіліндегі дербес категория ретіндегі орнын нығайта түсті.

Дегенмен, модальділік категориясының мәтін түзушілік құрылымы, контекстік семантика әсерінен жасалу жолдарының үнемі қозғалмалы болуы, тілдік амалдардың көп функциялы қызметі әлі де зерттеуді қажет етеді. Ғылыми мақалада мәнмәтіндік әдіс арқылы жасалған талдаулар модальділіктің функционалды синтаксис деңгейіндегі белгілерін дамытуға үлес қосады.

Мәнмәтіндік талдау тәсілі сенімсіздік модальді мәннің күрделі құрылымдық жүйесін анықтау үшін жүргізілді. Прагматикалық талдау әдісі тілдік құрылымдардың жағдаят әсерімен түрленуін дәлелдеу үшін қолданылды. Когнитивтік талдау әдісі тілдік амалдардың көп функциялы қызметінің астарлы уәжін сипаттау үшін пайдаланылды. Теориялық тұжырымдарды дәйектеу үшін, көркем әдебиеттен алынған материалдар негіз болды.

Талқылау мен бақылау. Құрылымдық грамматика тілдік амалдарды «тұлғалық көрсеткіштен мағынаға қарай сипаттаса», функционалды грамматика «мағынадан тұлғалық көрсеткішке» қарайғы бағытта қарастырады.

Функционалды грамматика тілдік жүйедегі ең ұсақ бірліктер мен ең ірі бірліктердің ішкі байланысын ғана қарастырмайды, сонымен қатар, сөйлеу кезіндегі сол бірліктердің белгілі бір мақсатқа сай қозғалысын, тұтастық құру ережесін, әр категория бірліктерінің семантикалық өрісте бірігу жолдарын да саралайды.

Ғылыми мақалада сенімсіздік субъективтік модальділіктің жасалу жолдары екі бағытта талданды. Оларды алдымен құрылымдық грамматика шеңберінде сипаттау салыстырмалы тұжырымдар жасау үшін қажет. Құрылымдық грамматика деңгейінде сараласақ, «сенімсіздік» модальді реңкін жеткізуге тірек болатын негізгі етістіктер: «сенбеу», «сезіктену» тұлғалары және осы етістіктермен мәндес синонимдік қолданыстар. Мысалы: Мен сенбеймін (ауызекі сөйлеуде). Сұлтанов. Үркесіздер ме өздеріңіз бізден? [9, 74].

Жай сөйлем құрылымында субъектінің сенімсіз көзқарасын айқындайтын тірек құрылымдар қатарына: «екіталай», «неғайбыл», «белгісіз» сияқты болымсыз реңктегі есім сөздері де жатады. Мысалы: Сөйтіп өздері аузын ашып алған жайсыз әңгімені өздері бітемек болды. Бірақ енді оның бас қайыртуы екіталай [9, 104].

Сөйлем деңгейінде сенімсіздік модальді реңкін «ау» демеулігі арқылы жеткізу де дәстүрлі тәсіл болып табылады. Мысалы: Еңлік. Ата намысын қуған ұл болсаң, өз құлқыныңды қоя тұрар ең-ау [9, 19]. Салыстыра қарасақ, демеуліксіз қолданыста сөйлемнің соңғы позициясындағы «құлқыныңды қоя тұрар ең» күрделі үлгілері жоғары дауыс ырғағымен ерекшеленіп, субъектінің наразылығын сипаттайтын құрылым ретінде қабылданса, демеуліктер сөйлемнің интонациясына да, модальді реңкіне де елеулі әсер

еткен. Нақтырақ айтсақ, демеуліктер құрмалас сөйлемнің екінші сыңарының реңктік бояуына өзгеріс енгізе отырып, субъектінің сенімсіз көзқарасын даралауға ықпал етеді.

Сондай-ақ, жай сөйлем құрамында көп жағдайда субъектінің белгілі бір іс-әрекеттің қорытындысына, нәтижесіне сенімсіз көзқарасын жеткізетін амалдар жүйесі күрделі құрылымды болып келеді. Мәселен, талдауға негіз болған төмендегі сөйлемде сенімсіздік реңкі «әй» одағай сөзі мен «білмеймін-ау» демеулікті қыстырма сөзін бірлікте қолданудан қалыптасқаны байқалады. Әй, білмеймін-ау, мен әлі ештеңеге түсініп отырғам жоқ [10, 346].

Талданған мысалдар негізінде тұжырымдасақ, дәстүрлі грамматикада қалыптасқан ұстаным бойынша лексикалық, морфологиялық, синтаксистік бірліктердің қызметін жеке-жеке даралап, бұл бағытта тілдік бірліктерді тек жүйелеп, үстірт сипаттауға ғана қол жеткізетініміз байқалады.

Сөйлеу әрекетінде жанданатын «сенімсіздік» субъективтік модальділіктің, оны қалыптастыруға тірек болатын бірліктерді тұтас бір жүйеде, олардың белгілі бір семантикалық байланыста біріге алу қабілеттерін ашу үшін, функционалды грамматика деңгейінде саралау қажет етіледі. Себебі функционалды грамматика тілдік амал-тәсілдердің субъективтік модальділікке қатысты қызметін қолданыстық ортасымен, ондағы бірліктердің ішкі семантикалық байланысын назарда ұстап талдауға мүмкіндік береді. Мәтін аясында грамматикалық заңдылықтардың пайда болуы бір-біріне тәуелді қозғалып, бірі екіншісіне ықпал етіп отырады. Субъективтік модальділікті функционалды синтаксис аясында талдау бір жағынан сөйлеу әрекетінің дербестігін танытса, сөйлеу заңдылығы тілдегі басқа құбылыстардың мәнін ашуға себепші болады. Сөйлеу әрекетінде жанданатын грамматикалық тәсілдердің семантикалық ұстанымға сәйкес бірігуінен грамматикалық амал-тәсілдердің функционалды-семантикалық өрісі қалыптасады. Ал функционалды-семантикалық өрісте басты назарда сыртқы құрылым ғана емес, ішкі семантикалық мазмұн, оның әр түрлі құралдардың жиынтығымен берілуі және олардың сөйлеудегі қызметі анықталады.

Субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілерінің мәтін құрылымының түрлі аспектілерінде көрінетіні зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты сараланған. «Текст как объект лингвистического исследования» деп аталатын еңбегінде И.Р.Гальперин модальділік санатын жаңа қырынан сипаттап: «Субъективтік-бағалаушы модальділікті тіркестік және мәтіндік деп жіктеу орынды» деп тұжырымдайды [11, 115].

Н.Г.Шведова модальділік санатының мәтін деңгейіндегі құрылымына және бұл заңдылықты жағдаят астарымен салыстыру нәтижесінде жан-жақты сипаттауға мүмкіндік туатынын орынды ескерген. Ғалымның ойынша, модальділік санаты синтаксистік құрылымның негізгі белгісі және ол тұтас құрылым бойынан анықталады [12, 19].

Е.Жанпейісовмодальділіккатегориясыныңқалыптасуынанегізболатынтілдікқұралдар ретінде модаль мағына білдіретін сөздерді, шылаулар мен қыстырма элементтерді арнайы талдаған. Зерттеуші кейбір бірліктердің модальдік реңкі айқын байқалатынын, ал енді бір лексика-грамматикалық тәсілдердің мұндай қызметі тек сөйлем ішіндегі қолданысынан немесе сөйлемдер арасындағы мағыналық байланыс арқылы ғана анықталатынын атап өтеді. Осылайша, автор модальділік құбылысын құрылымдық тұрғыдан ғана емес, оның қызметтік қырын ескере отырып, функционалдық бағытта зерттеу қажеттігін негіздейді [8, 166].

Қазіргі зерттеулерге субъективтік модальділіктің дискурстағы көрінісі, оның прагматикалық аспектісі негіз болуда. Бұл бағытта А.Мұхтарулина, С.Исакова, Г.Әлімбек, А.Исаковалардың бірлесе жазған «The Pragmatic Aspect of Modality in the English Mass-Media Discourse» ғылыми мақаласын атап өтуге болады. Авторлар: «The author of the article may act differently throughout the text narrative - he may assume on the parts of an unbiased informer delivering facts and details objectively, of an expert-analyst commenting on and assessing the object described, of a consultant-adviser who predicts the forthcoming events and consequences - all these are predetermined by the author's intentions and reveal his communicative strategies

to describe the world (epistemic modality), to change the world (deontic modality) and evaluate the world (axiological modality). In the mass-media discourse the expression of authorship is considered to be a principal task, since the main goal of a journalist is to impart to the reader his ideas, thoughts, emotions, estimations» деп тұжырымдап, дискурстың модальді мәнін қалыптастыруда автор ниетінің, әлемді сипаттаудағы коммуникативті стратегияларының, әлемді бағалауының қатысын саралайды. Мақалада модальділіктің функционалды-прагматикалық белгілеріне назар аударылады [13, 326].

Ғылыми еңбектерде негізделгендей, субъективті модальділік белгілерін талдауда, мәтін аясында сөйлемдер арасындағы функционалды, семантикалық байланыстың жүйесін бұзбай қолдану аса маңызды.

Сонымен, мәтіндегі семантикалық кеңістік әсерінен «сенімсіздік» модальді мәнді қалыптастыратын тілдік амалдар құрылымының толығып, түрленіп отыратынын аңғаруға болады. Төмендегі мысалда болымсыздық бояуды күшейтіп, өзара семантикалық бірлікте қолданылған екі сөйлем сенімсіздік реңкті даралайтын грамматикалық амалдар қызметін атқарған. Нақтырақ айтсақ, сөйлемдерді бірлікте қолдану арқылы контекстік модальді мағынаны түсінуге мүмкіндік жасалады. Мысалы: «... Назарымыз саяжайға жақындағанда, оң жағында қалатын жасанды хәуіз ішінде күні ертең кімге жаға, кімге аға болатынын білмейтін, жалт-жұлт ете жүзген құндыздарға ауды. Бұл да бұлыңғыр болашағымыздың қауқарсыз жалынындай көз арбайды» [14, 24]. Хабарлы сөйлемдерден құрылған мәнмәтіннен алынған бірінші компонент сенімсіздік мәнді күшейту рөлін атқарса, екінші компоненті нақтылау қызметін атқарған. Бұл қолданыста сенімсіздік модальді реңкі екі сөйлемнің семантикалық байланысынан көрінеді (мысалдан айқындалғандай, мәтінде сөйлемаралық мағына назарға алынады).

Мұндай грамматика-стилистикалық функцияны бір-біріне ілесе айтылған сұраулы сөйлемдер де атқарады: – Өнегем ...болса ... тірлігімде көрсете алдым ба, жоқ па? Өсиетім болса...құлағым, тілім барында айтып болдым ба, жоқ па?...[15, 243]. Көрсетілген сұраулы сөйлемдер - «сенімсіздік» модальді реңді жеткізетін контекстік амалдар. Ғалымдардың бір тобы сұраулы сөйлемдердің контекстегі осындай қызметіне назар аударып, оларды «жанама мағыналы сұраулы сөйлемдер» деп даралап: «...сөйлеу актісінде өзінің формасында қолданылатын нағыз сөйлеу актісі мен белгілі бір жағдайдағы нақты коммуникативтік мақсатқа сәйкес нақты сөйлеу актісін салыстырып қарастыру керек. Мұндай жағдайда, бір жағынан, осы сөйлеу актілерінің прагматикалық формасын, екінші жағынан, осы сөйлеу актілерінің прагматикалық мазмұнын, яғни олардың іске асырылуына қажетті шарттар жиынтығын, коммуникативтік мәнін есепке алу керек» деп қолданыстық функциясын ажыратуға негіз болатын маңызды белгілерін атап өтеді [16, 83].

Келесі мысалда да қатарласа қолданылған сұраулы құрылымдар астарынан болымсыздық реңк көрініс беріп, субъектінің өз-өзіне, қабілетіне деген сенімсіздігін даралауға тірек болғанын ажыратамыз.: Е, тәйірі, бізге болыстық тиюші ме еді? Тие қалса, шама қайда? [17, 180].

Мәтін аясында әртекті сөйлемдер интонация ықпалымен және мәтіндегі семантикалық ұйысым әсерінен, сонымен қатар, сыртқы жағдаяттық факторлар ықпалымен сенімсіздік модальді мәнін акценттейтін амалдар ретінде жұмсалады. Мысалы: Бәкеннің бұл сөзі мені бір көтеріп тастады. Шалдуар: «жаман студент», «жаман солдат» деп желкемнен түспей қойып еді. «Бәлем, білші менің қандай солдат болғанымды» дедім ішімнен айызым қанып. Менің осы ойымды сезгендей Шалдуар шап ете түсті:

– Бұл өлең жаза білушіме еді?– деді Бәкеннің сөзіне сенбегендей [18, 117]. Мәнмәтін аясындағы сөйлемдердің интонациясы ортаңғы позициядан дауыс ырғағын жоғарылатып, интенсивті айтылуымен ерекшеленіп, субъектінің сенімсіз көзқарасын жеткізуге тірек болған. Бұл контексте сенімсіздік реңкі әртекті сөйлемдердің құрылымдық-семантикалық байланысынан, жағдаятпен байланыста (яғни, мәтіннің прагматикалық функциясы аясында) айқындалады. Көрсетілген мәнмәтінде сенімсіздік модальділікті білдіру үшін, бірнеше сөйлемнің қызметі біріктірілген.

Келесі контексте «Мен өзім қағаз жағына шорқақ адаммын. Бір жерінде адасып қалып, өзіме де, өзгеге де зияным тиіп жүрер. Осыныңды бізге бермей-ақ қой...» сөйлемдері субъектінің сенімсіз көзқарасын белсендірген. Мысалға назар аударсақ: Бірақ заңды білмейтін, заңсыздық дегеннен өлердей қорқатын Баршын тегін дүниеден ат-тонын ала қашты. – Көңіліңе, ескергеніңе рақмет, шырағым. Мен өзім қағаз жағына шорқақ адаммын. Бір жерінде адасып қалып, өзіме де, өзгеге де зияным тиіп жүрер. Осыныңды бізге бермей-ақ қой... [10, 102]. Автор мәнмәтіннің басқы бөлігінде субъектінің өз-өзіне баға беруін белсендіріп, семантикалық ұйысым заңдылығымен соңғы сөйлемдердің модальді мәнін күшейткен. Мұнда сенімсіздік мәнінің ашық құрылымдары қолданылмаса да, автор тарапынан болымсыздық реңк беретін амалдардың қызметі ұтымды пайдаланылған. Мәнмәтінде бес сөйлемнің семантикалық қатынасынан модальді реңк айқындалады.

Оқшау сөздердің бір түрі – одағайлар. Олардың бойындағы көп мағыналылық мәтінде белсеніп, модальді мәнді түрлендіруге мүмкіндік береді. Мысалдағы «қой» одағайын жеке сөйлем аясында жекіру, тыйым салу мағынасында қабылдаймыз. Бірақ одағайлардың синтагмалық қатынастағы көп қырлы қызметі, түрленгіштігі модальділікке қатысты жан-жақты, көп мағыналы қызмет атқаруға бейімдейді. Мысалы: ... Лима өйтпейді! Лима ақылды! Қой, әлгі сүмелектің қалжыңы шығар [19, 3]. Сөйлемдердің семантикалық бірлігінен тұтас құрылымның модальді реңкі сатылай толығып қалыптасқан. Контекстегі алдыңғы екі сөйлем «Қой, әлгі сүмелектің қалжыңы шығар» сөйлемінің семантикасына әсер еткен.

Модальді мағынаны түрлендіретін қолданыстар – қыстырма сөздер. Бұл сөздердің грамматикалық қызметі нақтыланғанмен, белгілі бір сөз табына қатысы әлі жүйеленбеген. Зерттеушілердің бір тобы қыстырма сөздерді демеуліктер қызметіне жақындатса, екінші тобы модаль сөздерге жатқызады. Н.Оралбаева, Ғ.Мадина, А.Әбілқаев қыстырма сөздердің модальдік қызметін нақтылай отырып, олардың сөйлемнің негізгі мазмұнына қосымша мағыналық рең үстейтінін атап көрсетеді. Ғалымдардың пікірінше, қыстырма элементтер сөйлеушінің ойын әр қырынан құбылтып, оның пікірге деген көзқарасын, бағасын білдіреді. Олар кей жағдайда айтылған тұжырымға толық сенімділікті танытса, енді бірде болжал не жорамал мәнін үстейді. Сонымен қатар, мұндай сөздер кейде хабардың басқа бір субъектіге қатысты екенін де аңғартады [20, 261].

Бұл – қыстырма сөздердің бастапқы грамматикалық қызметтері. Олардың мәнмәтіндегі түрленуіне назар аударсақ, модальді мағынаның түрлі бояуын даралайтынын байқаймыз. Аталған ерекшеліктер басқа да тілдік қолданыстар сияқты қыстырма сөздердің де сөйлеу тілінің ерекшелігіне сай құбылып, қолданыстағы көп функциялы қызметін көрсетеді. Қыстырма сөздердің бұл ерекшелігі оларды іштей бір-бірімен қызметтік тұрғыдан синонимдік қатарға дейін жеткізеді де, белгілі бір модальді мағынаның семантикалық өрісін қалыптастыратын тілдік амалдардың қатарында топтастыра қарауға сеп болады.

Мәселен, сенімсіз модальді мағынасын айқындаған төмендегі қыстырма сөздер белгілі жағдаят астарымен, қолданыстағы сипатын салыстыра қарасақ, грамматикалық амалдардың бір бағыттағы семантикалық өрісіне бірігеді: яғни, сенімсіз мағынаны ашуда, «қайдам», «мүмкін», «қалай» қыстырмаларын өзара тең дәрежедегі қолданыстар ретінде бірлікте, топтастыра қараймыз. Мысалы: ...Ай, қайдам-ай, мынадай директор болған соң, ешкім тексере қоймас, ешкім мұның не деп кінә таға қоймас [19, 25]. ...Бірақ ағам мен жеңгем саспа деп қояды, көндіреміз деп қояды, қайдам [19, 40]. ...Мен, мүмкін, оның сол сұлулығын көре алмайтын шығармын [19, 302]. Көмекші батальонның командирімен керілдісіп қалғанына қанша өкінгенмен, сол ұстасудан аз да болса жаны жай тауып қалған тәрізді ме, қалай, бұрын сезінбеген тың сезімнен кәдімгідей ляззат алып қалған ба, қалай, әлдекіммен тағы да айқайласа кеткісі келе ме, қалай [20, 300].

Кейбір қыстырмалардың мағынасы сөйлемаралық байланыстан анықталады. Мүмкін, мен... Мүмкін, мені осы дүниеге байлап қойып жібермей жүрген Катям мен Вовкам шығар. Солар болмаса, кім білсін [19, 41]. Мысалда болжал реңкін үстейтін «мүмкін», «кім білсін» қыстырмаларының қызметі мәтін аясындағы семантикаға тәуелді түрленген. Яғни, сөйлеу тіліндегі қолданысында субъектінің сенімсіз көзқарасын ашуға тірек болған.

«Кім білсін» қыстырма сөзі де әр түрлі модальді өрістің құрылымын қалыптастыруға бейім. Мысалы: Жағалап, сыртқы көшедегі өз үйімнің желкесіне келдім. Басқа үйдің бәрінде сығырайған жарық бар. Тек біздің үйдің терезесі ғана тас қараңғы. Кеше соғысқа өзім кеткенде, оты маздап, терезесі жарқырап тұрған үй еді. Менен бір ай кейін әкем соғысқа кетті. Әкем майданда қаза тапты. Әкемнің артынан ауылда шешем өлді. Жалғыз қарындасым ерге шығып, басқа елге кетті. Ендеше бұл үйде қайдан жарық болсын. Бұл иесіз үйдің күтіп отырған жалғыз жарығы менмін ғой. Соғыстан аман оралып, әке ошағының отын маздатып, әке терезесінен жарық жарқырата аламын ба, кім білсін? [18, 183]. Талданған мәтінде сөйлемдердің ішкі семантикалық ұйысуының нәтижесінде «сенімсіздік» модальді мәні «Соғыстан аман оралып, әке ошағының отын маздатып, әке терезесінен жарық жарқырата аламын ба, кім білсін?» сөйлемімен түйінделген. Бұл қолданыстағы контекстік модальді мәнінің жасалу тәсілінің өзіндік ерекшелігі бар. Автор кейіпкер басындағы психологиялық жағдаймен сабақтастыра суреттеп, сенімсіздік реңкті психологиялық параллелизм әдісі арқылы жеткізеді. Әрине, жағдаятпен байланыстыра жеткізілген модальді мәнді оқырман қауымы аялық білімі арқылы талдап, шынайы, дәл айқындайды. Тағдырдың ауыртпалығын басынан кешірген кейіпкердің ішкі күйзелісін, онымен қабаттасқан сенімсіздігін қабылдайды.

Мәтін авторы оқырманға әлемді жаңаша танытуды қамтамасыз ете отырып, өзінің бейнеленгенге деген көзқарасын да жеткізеді. Осы мақсатта мәтінді ерекше түрде ұйымдастырып, көркем ойына сәйкес тілдік құралдарды таңдайды, «...оның ішінде ашық түрде хабарланатын мәліметтермен қатар, оқырман «ойлау тізбегінен өткізіп, «шығарып алуы» керек болатын ақпарат та бар» [21, 94]. Автордың шеберлігімен таңдалып, астарлама қызметінде жұмсалған «Діні қатты, шоғы көмірге бергісіз осы сексеуілдің халқымызбен бір ұқсастық, ортақ қасиеттері бар сияқты» сөйлемінің модальді бояуын мәнмәтін кеңістігіндегі семантикадан айқындаймыз. Мысалы: «Жазған сексеуілдерді көргенде, көңілім әлденеге бұзыла берді. Сексеуіл – жаратылысы мен табиғаты жағынан біздің көнбіс халқымызға өте ұқсайды. Шөлге төзімді. Жылы алақанды, мәпелеуді аса қажет етпейді. Сарғайған сары белде, құмды шөлейтте тамырымен суды өзі іздеп табатын өлермен өсімдік. Шыжғырылған ыстықта, қақаған суықта да жоғалып кетпейді. Оны бөлшектеу үшін кетпен, шот түгіл, айбалтаның өзі дәрменсіз. Сексеуілді сындыру үшін, тек біріне-бірін ұру жетіп жатыр. Діні қатты, шоғы көмірге бергісіз осы сексеуілдің халқымызбен бір ұқсастық, ортақ қасиеттері бар сияқты...» [14, 24]. Сөз саптаушы автор өзінің аялық біліміне сүйене отырып, субъективті ойын аналогиялық салыстыру арқылы қалыптастыра білген. Мұндай аналогиялық теңеудің астарынан автордың болашаққа сенімсіздікпен қарайтынын, «халқымыздың ауызбіршілігіне сызат түсетіндей жағдайлар болмай ма?» деген астарлы ойын түсінеміз. Бұл мысалда да контекстегі сөйлемдердің семантикалық байланысы ойды үзбей қабылдауға, субъективті көзқарасты астарлап түсінуге мүмкіндік береді. Яғни, сенімсіздік модальді реңкі тұтас контекстегі тілдік бірліктердің өзара әрекеттесуінен жасалып, танымдық ортаның ақпаратты астарлы қабылдауымен өзектенеді. Мәнмәтінді субъектінің ойын жеткізу мақсатында құрылған семантикалық кешен деп қабылдасақ, оның құрылымдық байланысына нұқсан келтірмеуге назар аудартамыз. Демек, жоғарыдағы астарламаның грамматика-семантикалық қызметін түсіну үшін, контекстің тұтастығын сақтау маңызды.

Талдауға негіз болған «сенімсіздік» модальді реңкі дайын құрылымдар ретінде қолданылатын мақал-мәтелдер арқылы да жасалады. Мысалы: «... Көлден қашып, шөлге түсіп жүрмесек», «... Мынауың сау сиырдың жапасы болмады», «... Түйе тұсағанның екі ойы бардың кері болып жүрмесе» [22]. Мәтінде «мақал-мәтелдерді дұрыс және орынды қолдану сөйлеуге ерекше бірегейлік пен мәнерлілік береді» [23, 208] әрі тұтастықтың модальдік бояуын актуалдандыруға ықпал етеді. Әрине, мұндай имплициттердің контекстегі мағынасы, автордың тұспалдап жеткізген субъективтік ойы оқырманның аялық білімімен әрекеттесу нәтижесінде нақтыланады.

Субъективтік модальділік тұтас шығарма деңгейіндегі тарауаралық қатынастағы сөйлемдердің мағыналық байланысынан анықталатын күрделі құрылымды, мәтінтүзушілік сипатымен де назар аудартады. Грамматикалық модальділікке тән мұндай құрылымдық ерекшелікті «сенімсіздік» модальді реңктің жасалу тәсілдерімен де бекітуге болады. Мысалы: Шешесі айтып отырады: «... Ұлым менің әкеме тартқан пысық, қолы месекерлі. Бірақ...» [22, 22]. Шығарманың кейіпкері Нюра ана баласы Еріктің отбасында жалғыз өскендіктен, қатыгез мінезіне қарап, жан жағына мейрімділік жасай алатынына сенімсіздік танытуы суреттелген. Оқырман көрсетілген сөйлемнің модальді реңкін тек мәтіннің тарауаралық байланысынан түсінеді. Ерік араласатын адамдары ғана емес, өзінің анасына да мейрімділік таныта алмайды. Романда Нюра кейіпкердің сенімсіздігі Еріктің ішкі монологымен тарауаралық байланыста нақтыланады. «Біздерден өткен эгоист жоқ жарық дүниеде; маған салса... анау алжыған шалды алқаш Тағанға қосақтап байлап, Қатын суына ағызып жіберер едім. Иә, бұл өмірде ағызып жіберетін керексіз адамдар көп, тым көп... Көп болған соң да білінбей ме? Осы «көп» деген сөзден қорқатыным ай... Бәлкім, өмір дегеніміздің өзі көппен жалғыздықтың мәңгі бітіспес майданы шығар» [22, 210].

Нәтижелер. Талданған мысалдарға назар аударсақ, субъективтік модальділіктің ішкі мағыналық қырлары кей жағдайда бірнеше сөйлемнің тұтастығы арқылы, ал кейде көркем шығармадағы тараулар арасындағы семантикалық байланыстар негізінде айқындалатынын байқаймыз. Сонымен қатар, белгілі бір тілдік тұлғаның бірнеше қызметті қатар атқаруы және оның нақты қолданыстық функциясын анықтау мәселесі де мәтін деңгейінде жан-жақты талдауды қажет етеді.

Осындай тілдік деректер негізінде құрылымдық синтаксис пен функционалды синтаксис мүмкіндіктері аясында субъективтік модальділіктің белгілерін төмендегідей негіздеуге болады:

- құрылымдық синтаксис модальді мәнді қалыптастыратын тілдік амалдардың интеграциялануын тежейді;
- тілдік бірліктердің функционалдық тұрғыдан түрлену мүмкіндігі мәтін кеңістігінде жүзеге асады;
- бұл жағдайда мәтіндік семантика әсерінің ықпалы маңызды;
- сенімсіздік модальді мәнін жасауға тірек болатын тілдік амалдардың көп функциялы қызметі тілдік қолданыстардың прагматикалық астарымен байланысты;
- сенімсіздік модальді реңкін жасауға тірек болатын тілдік амалдардың көп функциялы қызметі жағдаяттың астарымен, яғни психолингвистикалық бағыттың әсерінен көп функциялы сипатқа ие болады.

Қорытынды. Тілдік бірліктердің бір бағыттағы қызметіне қарай бірігуге бейімділігі – субъективтік модальділіктің ішкі семантикалық топтарын жеке-жеке қарастыруға мүмкіндік береді. Бұл ерекшеліктер қарапайым құбылыс емес. Функционалды бағытта ескерілетін, тілдік бірліктердің қызметтік, қолданыстық, жұмсалымдық сипатын анықтайтын күрделі грамматикалық құбылыс. Осындай талдаулар, грамматикалық құрылымдардың жүйесі – субъективтік модальділіктің жасалу жолдарын ішкі байланысын, семантикалық мәндерін топтастыра қарауға мүмкіндік беріп, қазіргі лингвистикадағы бағыт ізімен функционалды-семантикалық өріске біріктіре қарауға негіз болады.

Мақалада сенімсіздік субъективтік модальділіктің жасалу жолдары барынша жинақталып талданды. Субъектінің сенімсіз көзқарасын қалыптастыратын грамматикалық амалдарды құрылымдық синтаксис аясында сипаттасақ, бір бағыттағы, шектеулі қызметтері көзге түседі.

Ал функционалды бағытта олар көп функциялы қызметімен дараланады. Себебі субъекті көзқарасы ескерілетін субъективтік модальділіктің грамматикалық белгілері сөйлеу әрекетінде, субъектаралық қарым-қатынаста жанданады. Сондықтан мәтін деңгейінде модальділікті қалыптастыратын тілдік амалдардың қызметі көп функциялы болып келеді.

Тілдік амалдардың сенімсіздік модальді мағынаны ажыратудағы көп функциялы қызметі мәтін деңгейінде салыстырылып, себебі үш жүйемен түсіндірілді:

біріншіден, модальділік санатын жасауға тірек болатын тілдік амалдардың көп функциялы қызметі мәнмәтіндік семантика әсерінің ықпалымен шектеседі;

екіншіден, модальділік санатын жасауға тірек болатын тілдік амалдардың көп функциялы қызметі қолданыстағы көріністерімен, яғни тілдік амалдардың прагматикалық астарымен байланысты;

үшіншіден, модальділік санатын жасауға тірек болатын тілдік амалдардың көп функциялы қызметі тілді тұтынушының дүниені тануымен, салыстыру, астарлау яғни когнитивтік бағыттың әсерінен жаңарады, толығады. Бұл талдаулар субъективтік модальділіктің өзіндік құрылымы бар, күрделі заңдылықтардың қатарындағы тілдік табиғатын дәлелдеуге мүмкіндік туғызады және модальділік санатының табиғатын үнемі мәнмәтін аясында талдаудың қажеттігін дәлелдейді.

Әдебиеттер

1. Виноградов В.В. О категориях модальности и модальных словах в русском языке // Тр.ин. рус.яз. – М.: Наука, 1950. – С. 614.
2. Современный русский литературный язык / под ред. П.А. Леканта. – М.: Высшая школа, 2004. – 462 с.
3. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.
4. Современный русский литературный язык/ под ред. Н.М.Шанского. – Л.: Просвещение, 1988. – 671 с.
5. Сауранбаев Н. Қазақ тіл білімінің проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 352 б.
6. Төлегенов О. Қазіргі қазақ тіліндегі жалпы модальді және мақсат мәнді жай сөйлем типтері. – Алматы: Мектеп, 1968. – 180 б.
7. Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Мектеп, 1983. – 168 б.
8. Жанпейісов Е. Қазақ тіліндегі сөйлем модальділігі және оның жасалу жолдары / Қазақ ССР Ғылым акад. хабарлары. Филология сериясы және өнертану сериясы. – 1958. – № 1-2 (8-9). – Б. 166-170.
9. Әуезов М. Пьесалар. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т10. – Алматы: Жазушы, 1982. – 432 б.
10. Сараев Ә. Ақ тымық түн. Роман, повестер, әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1990. – 544 б.
11. Гальперин И.Р. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: УРСС, 2004. – 138 с.
12. Шведова Н.Ю. Очерки по синтаксису русской разговорной речи. – М.: АН СССР, 1960. – 377 с.
13. Mukhtarullina A., Issakova S., Alimbek G., Issakova A. The Pragmatic Aspect of Modality in the English Mass-Media Discourse // World Journal of English Language. – 2024. Vol.14. – № 4. – P. 322-327. DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v14n4p322>.
14. Есенқарақызы Х. Эсселер. – Алматы: Дәуір, 2020. – 288 б.
15. Әуезов М. Абай жолы. Роман-эпопея. 1-кітап. – Алматы: Жазушы, 2002. – 296 б.
16. Кошикбаева Г.Д., Еликбаев Б.К., Ыбырайым А.О. Қазақ тіліндегі тура және жанама сұрау мәнді сөйлеу актілерінің перлокутивті прагматикасы // Тілтаным. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты. – 2024. – №1 (93). – Б. 80-89. DOI: doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-80-89.
17. Мұстафин Ғ. Дауылдан кейін. Роман. – Алматы: Жазушы, 1967. – 444 б.
18. Нұршайықов Ә. Төрт томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Жазушы, 1992. Т2. – 448 б.
19. Тарази Ә. Қорқау жұлдыз. Романдар. – Астана: Фолиант, 2013. – 416 б.
20. Оралбаева Н., Мадина Ғ., Әбілқазиев А. Қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 336 б.
21. Әділова А.С. Қабылдау стилистикасы. – Алматы: Эверо, 2016. – 254 б.
22. Бөкей О. Шығармалары. Атау-кере: роман және повестер. Т1. – Астана: Фолиант, 2013. – 432 б.

23. Чобаноғлу Ө., Әшірханова Қ., Жұматаева З. Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – 2023. – №2. –Б. 207-220. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.15>

Ж.А. КУСАИНОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан

А.Н. НАСЫРИТДИНОВА

Казахский агротехнический исследовательский университет имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан

ЯЗЫКОВЫЕ ФОРМЫ МОДАЛЬНОГО ОТТЕНКА «НЕДОВЕРИЯ» В КОНТЕКСТЕ

Аннотация. В статье сопоставительно анализируется функционирование языковых средств, формирующих модальное значение «неуверенности», на уровне структурной и функциональной грамматики. В рамках структурной грамматики рассматриваются функции языковых средств, выражающих оттенок «неуверенности» в составе самостоятельных предложений, и определяется, что на данном уровне они выполняют однонаправленную, устойчивую функцию. В функциональной грамматике модальное значение «неуверенности» выявляется на межфразовом и контекстуальном уровнях, что подтверждается конкретными примерами. В этом случае показывается, что способы выражения являются подвижными, изменчивыми, и раскрываются причины этого. Формирование их многоаспектной функции обусловлено влиянием семантического пространства текста, прагматической функции языковых средств и когнитивной мотивацией. В результате появляется возможность рассматривать сложную структуру модальности во взаимосвязи с другими явлениями и определять многофункциональность языковых средств. Структура модальности «неуверенность», выделяемая на основе нескольких синтаксически связанных единиц, представляет собой сложную систему с глубинной семантической связью, требующую анализа в контексте, между предложениями и на межконтекстуальном уровне. В функциональном аспекте описываются повествовательные и вопросительные предложения, пословицы и поговорки, используемые в скрытом значении, а также сложные структуры в функции аналогичных сравнений — все они выполняют одну и ту же функцию и входят в сферу модального значения «неуверенности». Также сравнительно обоснована многофункциональность обращений, вводных и междометных слов, участвующих в выражении оттенков неуверенности. В результате делаются выводы, способствующие подтверждению категориальной самостоятельности субъективной модальности.

Ключевые слова: субъективная модальность, структурная грамматика, функциональная грамматика, контекст, модальный оттенок.

Zh.A. KUSSAIYNOVA

L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A.N.NASSYRITDINOVA

Kazakh Agrotechnical Research University named after S. Seifullin, Astana, Kazakhstan

LINGUISTIC FORMS OF THE MODAL SHADE OF “DISTRUST” IN THE CONTEXT

Annotation. This article provides a comparative analysis of the linguistic means that form the modal meaning of “uncertainty” at the level of structural and functional grammar. Structural grammar examines the functions of linguistic means expressing the nuance of “uncertainty” within independent sentences, determining that at this level, they perform a unidirectional, stable function. Functional grammar identifies the modal meaning of “uncertainty” at the interphrasal and contextual levels, supported by specific examples. In this case, it is demonstrated that the modes of expression are flexible and changeable, and the reasons for this are revealed. The formation of their multifaceted

function is determined by the influence of the semantic space of the text, the pragmatic function of linguistic means, and cognitive motivation. This makes it possible to consider the complex structure of modality in relation to other phenomena and determine the multifunctionality of linguistic means. The structure of the modality “uncertainty,” identified from several syntactically related units, represents a complex system with deep semantic connections that requires analysis within context, between sentences, and at the intercontextual level. The functional aspect of this paper describes declarative and interrogative sentences, proverbs and sayings used with hidden meanings, as well as complex structures in the function of analogous comparisons—all of which perform the same function and fall within the scope of the modal meaning of “uncertainty.” The multifunctionality of addresses, introductory and interjectional words used to express nuances of uncertainty is also comparatively substantiated. As a result, conclusions are drawn that help confirm the categorical independence of subjective modality.

Keywords: subjective modality, structural grammar, functional grammar, context, modal nuance.

References

1. Vinogradov V.V. O kategoriakh modalnosti i modalnykh slovah v ruskom iazyke // Tr. in.rus. iaz. – M.: Nauka, 1950. – S. 614.
2. Sovremennyyi ruski literaturnyyi iazyk / pod red. P.A. Lekanta. – M.: Vysshaia shkola, 2004. – 462 s.
3. Ysqaqov A. Qazırgı qazaq tılı. – Almaty: Ana tılı, 1991. – 384 b.
4. Sovremennyyi ruski literaturnyyi iazyk/ pod red. N.M. Şanskogo. – L.: Prosveşenie, 1988. – 671 s.
5. Sauranbaev N. Qazaq tıl bılıminıń problemalary. – Almaty: Çylym, 1982. – 352 b.
6. Tölegenov O. Qazırgı qazaq tılındegı jalpy modaldı jäne maqsat mändı jai söylem tipteri. – Almaty: School, 1968. – 180 b.
7. Ämırov R. Jai söylem sintaksısı. – Almaty: Mektep, 1983. – 168 b.
8. Janpeiisov E. Qazaq tılındegı söylem modaldılıgı jäne onyń jasalu joldary. Akad.sciences of the Kazakh SSR. messages. Philology series. – 1958. – № 1-2 (8-9). – B. 166-170.
9. Äuezov M. Pesalar. Jiyrma tomdyq şyğarmalar jınağy. T10. – Almaty: Jazuşy, 1982. – 432 b.
10. Caraev Ä. Aq tymyq tün. Roman, povester, äñgımeler. – Almaty: Jazuşy, 1990. – 544 b.
11. Gälperin İ. Teks kak obekt lingvisticheskogo issledovaniya. – M.: URSS, 2004. – 138 s.
12. Şvedova N. Ocherki po sintaksisu ruskoj razgovornoj rechi. – M.: ed. USSR academy of sciences, 1960. – 377 s.
13. Mukhtarullina A., Issakova S., Alimbek G., Issakova A. The Pragmatic Aspect of Modality in the English Mass-Media Discourse // World Journal of English Language. –2024. Vol.14. – №4. – P 322-327. DOI: <https://doi.org/10.5430/wjel.v14n4p322>.
14. Esenqaragyzy H. Esseler. – Almaty: Däur, 2020. – 288 b.
15. Äuezov M. Abai joly. Roman-epopeia. – Almaty: Jazuşy, 2002. 1-kıtap. – 296 b.
16. Koşıkbaeva G.D., Elikbaev B.K., Ybyraiym A.O. Qazaq tılındegı tura jäne janama sürau mändı söyleu aktieleriniń perlokutivti pragmatikasy//Tiltanym. A.Baitürsynuly atyndağy Tıl bılımi instituty. – 2024. – №1 (93). – B. 80-89.
17. Müstafin Č. Dauyldan keim. Roman. – Almaty: Jazuşy, 1967. – 444 b.
18. Nürşaiyqov Ä. Tört tomdyq şyğarmalar jınağy. – Almaty: Jazuşy, 1992. T2. – 448 b.
19. Tarazi Ä. Qorqau jıldyz. Romandar. – Astana: Foliant, 2013. – 416 b.
20. Oralbaeva N., Madina Č., Äbilqaeve A. Qazaq tılı. – Almaty: Kazakh University, 1993. – 336 b.
21. Ädilova A.S. Qabyldau stilistikasy. – Almaty: Evero, 2016. – 254 b.
22. Bökei O. Şyğarmalary. Atau-kere: roman jäne povester. T1. – Astana: Foliant, 2013. – 432 b.
23. Chobanoğlu Ö., Aşırhanova Q., Jūmataeva Z. Maqal-mätelderdegi ülttyq minezdiń körinisi//Eurazia gumanitarlyq institutynyń Habarşysy. – 2023. – №2. – B. 207-220. DOI: <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.15>.

Авторлар туралы мәлімет:

Құсайынова Жайнагүл Айтмағанбетқызы – филология ғылымдарының докторы, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, Астана, Қазақстан.

Кусаинова Жайнагуль Айтмағанбетовна - доктор филологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета имени Л.Н.Гумилева, Астана, Казахстан.

Kussaiynova Zhainagul Aytmaganbetovna – Doctor of Philology, Associate Professor of L.N.Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

Насыритдинова Әсемгүл Насыритдинқызы – филология ғылымдарының кандидаты, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Насыритдинова Асемгуль Насыритдиновна - кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского агротехнического исследовательского университета имени С.Сейфуллина, Астана, Казахстан.

Nassyritdinova Assemgul Nasyritdinovna – Candidate of Philology, Senior lecturer of the Kazakh Agrotechnical Research University named after S.Seifullin, Astana, Kazakhstan.